

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ  
МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

18.03.2024 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал – Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – М.С.Сейсембекова, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – М.П.Айдарша, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Якуб, АК мүшесі, академиялық персонал – С.О.Сопбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Т.К.Мустафаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.И. Исатаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.С.Аринов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Ш. Асанов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Р.Н.Таубай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Қанатәліқызы.

**Күн тәртібі:**

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова:** Өнер даярлау бағыты бойынша бүгінгі күн тәртібіндегі ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау мәселелерін қарастыратын боламыз. Әр бір мәселе бойынша жасалынатын жұмыстарды ортада талқыласақ.

**АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова:** күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша, бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып, Өнер даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит тізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бесекеге қабілетті маман дайындау үшін міндетті пәндерге сараптама жасалынды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Өнер даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда негізгі құзыреттіліктерінін болу керектігіне тоқталып, бағдарламаларда статистикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сонымен бірге, қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып, қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

**АК мүшесі, академиялық персонал – А. Якуб:** күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша, ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен

усыныстарына жауаптар эзірлеу, ББ-ларына мониторинг нәтижелерін талдау жұмыстары жоспарланған; 6В02165-Эстрада өнері, 6В02123-Ақтерлік өнер, 6В02124-Хореография БББ, 6В02122-Дәстүрлі музыка ББ жұмыс берушілеріне сауалнама ұйымдастырылды.

Осы мәселе бойынша «Бейнелеу өнері» кафедрасынан АҚ мүшесі, академиялық персонал – **М.П.Айдарша** сөз кезегін алып: 6В02126-Дизайн БББ және 6В02184 Сәндік қолданбалы өнері ББ бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілгенін айтып өтті.


**Шешім:** Өнер даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының Бакалавр деңгейіндегі ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілсін. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадиқова

Хатшысы:



магистр оқытушы М.С.Сейсембеқова